

Қазақстан Республикасының білім және
ғылым министірі
Алматы Технологиялық Университеті

Пән аты: Тіршілік қауіпсіздік негіздері

СОӨ

Буын шыққанда **Ж**, сүйек сынғанда
алғашқы дәрігерге дейінгі көмек

Орындаған: Ахун Олжабай
Тобы: АЖ-16-11
Тексерген:


2017

Жоспар:

- Буын шыққанда дәрігерге дейінгі көмек
- Сүйек сынғанда дәрігерге дейінгі көмек
- Сіңір тартылғанда дәрігерге дейінгі көмек

Буын сынғанда дәрігерге дейінгі КӨМЕК

- Буынның шығуы. Буын әр түрлі жағдайларда шығады: механикалық жарақат, спортта, транспорт авариясы, т. б кезде болуы мүмкін. Буын шыққанда аяқ қатты ауырып, ісініп, қозғалмай қалады. Мұнда да ауырған жерге суық шүберек басу керек. Буын шығуы белгілері: кенеттен шаншу, буын түрінің өзгеруі және оның қызметінің бұзылуы. Біршама уақыт өткен соң ісіну пайда болады. Жарақаттанған адамды мүмкіндігінше, зақымданған аяқ - қолдарын қозғалмайтындай орап, тез арада медициналық жәрдем көрсету пунктіне жіберген жөн.



- Қолдары зақымданған жағдайда орамал арқылы асып қояды, ал аяғы мертiккен кезде зақымданған адамды жұмсақ етiп төселген зембiлге жатқызып, мертiккен аяғының астына жұмсақ жастық немесе киiм салады. Еш уақытта сүйектi өз бетiмен салуға болмайды, өйткенi сүйектердi, нервтердi, тамырлар мен басқа да тканьдердi бүлдіріп алуы мүмкiн.

- Буынның шығуы - адам жығылғанда, өте ауыр зат көтергенде, ебедейсіз қозғалыс жасағанда сүйек басының таюы. Мұндайда буын қапшығы созылып немесе жарылып кетуі мүмкін. Буын шыққанда аяқ қатты ауырып, ісініп, қозғалмай қалады. Мұнда да ауырған жерге суық шүберек басу керек. Буынның шығуын хирург-дәрігер ғана емдейді.

Сүйек сынғанда дәрігерге дейінгі КӨМЕК

- Сүйектің сынуы. Адам қатты құлағанда немесе басқаша оқыс жағдайда сүйектің сынуы мүмкін. Сүйектің сынуы 2 түрлі: морт сыну, шытынап сыну. Әсіресе ересек адамдардың сүйектері морт сынғыш, оның себебін өздерің түсіндіруге тырысыңдар. Морт сынғанды - ашық сыну деп атайды. Морт сынған кезде сүйектердің ұштары қантамырларына, бұлшықеттерге, теріге зиян келтіреді. Жарақаттанған жерге микробтар түсуі мүмкін.



□ Шың омыл аяққа жер бұлақ шылт қандай баулақтарды
орындайды, қол ролі, лүтін алашшы қол көрі



- Сынған жері қатты ауырып шыдатпайды, сондықтан қозғалмайтындай етіп шендеуіш салып таңады. Шендеуішке кез келген қатты заттар (тақтай, таяқ, қатқыл қағаз) жарайды. Алдымен жарақаттанған жерге жұмсақ мата салады. Матаның үстіне шендеуішті қойып, аяқ немесе қолмен бірге (сынған мүше) қатты таңып тастайды. Қозғалмалы буындар орналасқан жерін де қамтиды. Кейде қозғалтпау үшін сынған қолды тұлғамен қосып таңады.

- Егер бассүйек жарақаттанса, жарақттанған жерін ептеп тазалап, таңып, үстіне суық шүберек басуға болады Ашық сынған жердің алдымен аққан қанын тоқтатып, жараны тазалап алып, шендеуіш салады. Дәрігердің көмегі ауадай қажет. Ашық сыну өте қауіпті, өйткені сүйектер ұсатылып кетеді. Сүйектің бітіп қайта қалпына келуі сүйектің сыртқы қабына байланысты.

Сіңір тартылғанда дәрігерге дейінгі көмек

- Сіңірдің созылуы - адам абайсызда ойлы - шұқырлы жерден аяғын ыңғайсыз басудан болады. Аяқтың ұшы бұралып, сіңірі созылады.
- Созылудың белгілері: сыздап аурады, ісінеді, буынның қозғалысын тежейді. Алғашқы көрсетілетін жәрдем: зақымданған жерді бинтпен немесе жұмсақ матадан жасалған таңғышпен қатты қысып байлайды, мұның өзі ішкі қан құйылуының тоқталуына көмектеседі және буынның қимылдамауын қамтамасыз етеді. Таңылған жерге мұз немесе қар салынған түйіншек басады.

НАЗАРЫҢЫЗГА

РАХМЕТ!!!